ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ГАЗЕТІ

# Gymnasium news

Газет 2019 жылдың 01 наурызынан шыға бастады

ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(13)-22 НАУРЫЗ-СӘУІР







## Бұл шығарылымда

**1-БЕТ**

- Қош келдің, әз Наурыз!

**2– БЕТ**

- Бала тілі — бал
- Көркем-көктем!
- Наурыз айы келгенде..(қызықты деректер)

**3-БЕТ**

- Бұрымды қыздар фотогалереясы

**4-БЕТ**

- Құстар - біздің досымыз.
- «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні!» атты сурет галереясы

### *Құрметті оқырмандар! Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!*

Күн мен түн теңеліп, көктем күшін асырған
**Жаса Наурыз мейрамы!**
Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!
Елім, жұртым қадірлі аман болсын!
Туғандай бір анадан жамағаттар
Достыққа берік, мықты адал болсын!
Наурыз мейрамы құтты болсын!

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!
Қайда барсақ жол болсын!
Ұлы халқым тоқ болсын!
Қайғы уайымы жоқ болсын!
Қуаныштары көп болсын!



Сіздерді келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Тек адамзат қана емес, табиғаттың да жасарып, бой түзейтін шағы –Ұлыстың ұлы күнінің баршамыз үшін жолы да, жөні де бөлек. «Туған ай – тураған етпен тең», әне-міне дегенше қар еріп, жылғалардан су ағып, табиғат жасарып, көктемнің саумал самалына ілесіп, Наурыз да жетті. Амандық-саулық, ақ тілек, меймандостық, адалдық, молшылық, жалпы ұлтымызға тән тамаша салт-дәстүрімен паш етілетін Наурыз мейрамын өзіндік сән-салтанатымен, думанды тойымен, ән-жырымен қарсы алыңыздар.
Жер-жаһанды сері самалға өткізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін келер жылға өткізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, алтын күрекпен жер жүзін жібітіп, тас жүректерді мейіріммен үгітіп, жеті қат жер астына дейін балқытып, жыл құстарының әнін шалқытып, Жетісуға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесінен көкке тигізіп, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, ақ бұлақтарды ақтартып, шың-құздарды шаттанып, тізбектеп тырналарды, сүйгізіп сырғаларды, шоршытып балықтарды, шапшытып арықтарды, тербелтіп наз қайыңдарды, төгілтіп жаз жайында әнді, қаздарды қаңқылдатып, найзағайды жарқылдатып, айтып ертегіні, жайып желкеніңді, жетіп келген әз-Наурыз мейрамы құтты болсын!!!

*Игі тілекпен «Gymnasium news» газетінің редакциясы*





GYMNASIUM NEWS

## Бала тілі - бал



*Жалилова Дамира*
*4 «А» сынып оқушысы*

Надоело всё терпеть!
Я хочу на сцене петь!
На концертах выступать,
Всем автограф раздавать.

Наша земля-наш общий дом,
Не только мы, все в ней живём
Птицы, звери, насекомые
Нам они давно знакомые
Мы должны им помогать,
И конечно уважать

Вы не загрязняйте землю!
Ей же больно!
Будете так же продолжать?
Ну всё, довольно





*Нұрбақытқызы Келбет*
*2 «Б» сынып оқушысы*

**Мұғалім**
Көргенде ай жүзіңді
Түседі ойыма Анам
Енді ғана түсіндім
Қайдан шыққаның
Екінші Ана —мұғалім!

**Сынып**
Біздің сынып керемет!
Балалары тәртіпті,
Гүлдерге су құяды
Ешқашан бос отырмайды
Ұлдары біздің мықты
Қыздары әдемі
Осындай менің сыныбым.



**5 «А» Файзулла Алуа**

## КӨРКЕМ-КӨКТЕМ



*ДАУЫТ ЕРНАЗ*

*5 «Б» сынып оқушысы*

Көктемде күн жылынып, құстар қайта ұшып келеді. Көктемде жан-жануар оянып, айнала түрлі-түсті түске еніп, табиғат жарқын бояуларға боялады. Адамдар сергіп, қалың киімдерін тастап, тіршіліктерін жалғастырады. Наурызда күннің алғашқы жылы шуақтары пайда болса, сәуірде қар толықтай еріп, күн ұзарса, мамыр айында адамдар жаздың жылуын сезіне бастайды. Көктемде қыстың ызғарлы суықтарынан әбден шаршаған адам баласының жүзі нұрланып, көңіл күйі жақсарады. Көктемде жер көгереді. Қырда бәйшешектер өседі. Көктемде жаңбыр нөсерлеп жауып, кемпірқосақ көп болады. Күн ұзарады. Көктемде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы тойланады. Балалар әткеншек теуіп, алтыбақан тебеді. Көктемнің келуі табиғаттың оянуымен теңестіріледі. Меніңше, көктем – ең сұлу мезгіл!

## «Наурыз айы келгенде»

### қызықты деректер



Наурызек—өзі жеп-жеңіл, ұшқалақтап тұрған кішкентай ғана құс. Дене тұрқы кәдімгі торғайдай. Оны кейбір жерлерде «Наурыз құсы», «Наурызкөк» деп атайды екен. Құстың құйрығы ұзын, түсі көк ала араласып келеді. Көктемде қар астын жарып шығатын «Көктем хабаршысы» деп атайды. Дүние жүзінде наурызектің 5-6 туысқа бөлінетін 60-тан астам түрі бар екен. Олар ұясын негізінен жерге, шөп арасына салады. Жұмыртқадан балапан жарып шыққан соң, оларды қорғауды еркегі өз мойнына алады. Наурызек - өте батыл құс. Оның ұзын құйрығы тынымсыз қозғалыста болады. Ол тек өзінің әнін айтып сайраған кезде ғана тыныш отыруы мүмкін.



Қарлығаштың көзі өте өте өткір. Ол ұшып бара жатып-ақ алыстан кішкентай шыбын-шіркейді көре алады. Қарлығаш тамақты көп жейді. Уақытының көбі тамақ іздеумен кетеді. Олар тіпті балапандарын күніне 300 ретке дейін тамақтандырады екен. Қарлығаш Эстон республикасының ұлттық символы болып табылады. Олардың ұлттық ақшасында қарлығаштың суреті бар. Қарлығаш - өте ұшқыр құс. Сұр қарлығаш сағатына 170 километр жылдамдықпен ұша алады. Қарлығаш жылына екі рет балапан басып шығарады.

# Бұрымды қыздар фотогалереясы


7 "Ә"Бахытжанқызы Айша

*Көрінер қыздар сұлу шашбауымен,*

*Бұрымын кейін серпіп тастауымен.*

*Көрінер толған айдай жүзі жарқын.*

*Халқының сақтай білген ізгі салтын.*

*Қос бұрымды, ең шашы ұзын қыздарымыз Айша мен Асылзат. / Айша 60см, Асылзат 63 см.*


8 "Б" Каримбек Асылзат



6"Б" Қасым Шахизада


6"Ә"Жалилова Дильнур


6"Ә" Қадырбай Балым


6"Ә" Асқарқызы Айзере


6"Б" Саби Адия


6"Ә" Рустемова Медина


6"Ә" Төлеутай Ажар


6"А"Ахметзэки Амина


6"Ә" Аманбай Кәусар


6"А"Тілеубекова Балауса


6"Ә"Балташ Жаннұр

GYMNASIUM NEWS

# Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!



5А Турсун Медина

# Құстар - біздің досымыз



4 «Б» Қалкен Аруна



4 «Б» Муртазина Амина



5 «Ә» Боран Әділбек



4Ә Өмірбек Манас



4Ә Аманбай Елдана



4Ә Ратова Адиля



6«А» Ахметзәки Амина

# Өзін бояп ал!









| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Меншік иесі: «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы»КММ Бас директоры **Қ.Т.Сейтимбетова** | Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары **Ш.Ө.Алиева** | Бас редактор **Ф.Д.Абдугалиева** Тілшілер **Ж.С.Тлеубергенова** | Көркемдеуші-дизайнер **Б.К.Абылкаиров** Жауапты хатшы **Қанапаш Раушан** | Корректорлар **«Kitaptime» мүшелері: 10 «Ә» сынып** | Мекен - жайымыз Ерубаева 43А e-mail: ***sch92@kargoo.kz*** **Байланыс телефондары: 8(72-12)47-92-39** |